



Қос нүкте

Орындаған: Ерғали Ә
Тексерген: Нұржанова А.

Алматы 2015



Жоспар


- Кіріспе бөлім

Қос нүкте

- Негізгі бөлім

Қос нүктенің негізгі қызметі

- Қорытынды бөлім



● Қос нүктенің сөйлемдегі басты қызметі - сөйлем мүшелерінің арасындағы түрлі қарым-қатынастарды көрсету.

Қойылу жағдайлары

- Бірыңғай мүшелердің алдынан жалпылауыш сөздер немесе жалпылауыш мәнді сөздер келетін болса, жалпылауыш сөздерден соң қос нүкте қойылады. Мысалы: Мұстафаның оларға қолданған шаралары мыналар: байталдың төрт сирағы төрт жылқы, денесі бір жылқы, – барлығы бес жылқы.

- Жалғаулықсыз салаласқан жай сөйлемдердің алдыңғысының мағынасы соңғы жай сөйлемдер арқылы айқындалып тұратын болса, мұндай жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады.
- *Мысалы: Кісі Қызылорда елінің екі ісіне қайран қалады: бірі – кетпен шабу, бірі – егін ору. (С. Мұқанов). Қазір жайлаушылардың дені екі жерге жиналған: бір жиын Аман отырған көп ауылда, енді бір жиын Шәкен аулында. (Ғ.Мұстафин).*

- Рет-ретімен санамалап баяндауды керек ететін жалпылауыш мәнді сөздерден соң қос нүкте қойылады.
- Төл сөздің алдынан автор сөзі келгенде, одан соң қос нүкте қойылады.
- **Мысалы:** *Шалабайдың бойынан табылған документ, құралдарға қарап отырып: – Қағаздағы аты жөніңіз басқа екен ғой? – деді Аман. – Аман біздің ауылдың мөрін кім басқан?*

- Түйген ойды, қағидаларды, ережелерді дәлелдеу мақсатымен алынған сөйлемдердің алдында мысалы деген сөз қолданылатын болса, одан соң қос нүкте қойылады
- Бірыңғай мүшелердің алдынан *басқа, бөлек, атап, айтқанда, тәрізіді* сөздер келіп, баса назар аудару мәнінде қолданылса, бұл сөздерден соң қос нүкте қойылады

- Аралас құрмалас сөйлемнің құрамында түсіндірмелі мәнді не себеп мәнді сөйлемдер болса, олар басқаларынан не қос нүкте, не сызықша арқылы ажыратылады.
- *Ақбозға сол күні өмірінде бітпеген шабыс пайда болған сияқтанды: төрт тұяғымен жердің топырағын уыстай аспанға атып зымырағанда, көлденеңнен көзі түскен жұрт оны ұшып барады екен деп ойлайды. (С.М.)*

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Қалиұлы Б. Қазақ орфографиясындағы қайшылықтар Алматы, 2009.
- Мырзабеков С. Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық құрал. Алматы, 2001.
- Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. Алматы, 1960ж.

A white eagle with its wings fully spread, perched on a spiral-bound notebook. The eagle is facing right, and its wings are detailed with individual feathers. The notebook is open, showing a spiral binding in the center and blank pages. The entire scene is set against a dark blue, textured background.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАҚМЕТ